

340.115845

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ РЕСЕЙ ҚҰРАМЫНА ЕНУ  
ДӘУІРІНДЕГІ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙЛАР**  
KAZAKH KHANATE IN RUSSIA IN THE ERA OF POLITICAL AND  
LEGAL JOIN POINTS

Ш. ЕРГӨБЕК\*

**Түйіндемe**

Автор мақалада Ресей құрамындағы протомемлекеттер болып қалыптасқан Қазақ хандығының Кіші жүзі мен Орта жүзін бөлек қарастырады. Ресей әкімшілігі тарапынан қолданылған «бөліп ал да, билей бер» принципі Қазақ хандығының тұтас организм ретінде қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермеді. Бұл саяси жүйедегі терең эволюциялық процестерге, біртіндеп дәстүрлі дала демократиясы институттарына деген сенімнің азаюына, яғни бұл институттардың жойылуына алып келгенін ғылыми түрде негіздейді.

**Кілт сөздер:** протомемлекеттер, билік, Қазақ хандығы, саяси-құқықтық ойлар, қазақ билеушілері.

**Summary**

The author of the article, Russia is protomemleketter in the face over the Kazakh Khanate in the Small and Medium separately. Russia applied by the administration of "divide and conquer" principle Kazakh Khanate did not allow for the continuation of the activity of the organism as a whole. This is a political system of deep evolutionary processes, a reduction in the traditional field of faith in the institutions of democracy, that is, institutions that want to bring destruction on the scientific substantiation.

**Keywords:** authorities, the Kazakh Khanate, political and legal ideas, Kazakh rulers.

Қазақ хандығының Ресей құрамына енуі еліміздің тарихындағы күрделі кезең ретінде белгілі. Қазақ хандығының Ресей патшалығы үшін азиялық бағыттағы саяси-экономикалық экспансияға жол ашатын маңызды стратегиялық аймақ болғандығы мәлім. «...суть присоединения к России Казахстана и Средней Азии состоит не только в том, что они имели естественное тяготение к России, но и в том, что эти страны должны были превратиться в непосредственные подступы

---

\* Заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Аккредитация, рейтинг және сапаны басқару орталығының директоры, Алматы-Қазақстан. PhD in law, Al-Farabi Kazakh National University, director of the Center for Accreditation, Rankings and Quality Assurance, Almaty-Kazakhstan. E-mail: Shyngys.Ergobek@kaznu.kz

для расширения экономических и политических контактов, в первую очередь, с такими странами, как Индия, Китай, Персия, Турция и др.

...Не исключалось превращение Казахстана в важный военно-стратегический пункт российского государства. В случае присоединения Казахстана Россия рассчитывала при необходимости использовать его вооруженные силы» [1, 72-73].

Жоңғар шапқыншылығы, ішкі бүліктер, саяси күштердің өзара ымыраға келе алмауы көп жағдайда Тәуке хан реформаларымен байланысты. Шынында да өзінің либералды элементтерімен белгілі саяси-құқықтық реформа билікті өзара бөлісу мен жаңа билік институттарының қалыптасуы қазақ өркениетін терең саяси дағдарысқа алып келді. «XVIII ғасырдан бастап Орталық Азияның түркі тектес халықтары ұдайы жалғасып, тереңдей түскен экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени дағдарыстар кезеңіне душар болды әрі өз аумақтарын отаршылдық саясат есебінен кеңейте түсуді көздеген мемлекеттердің оңай олжасына айналды» [2, 113].

Мемлекеттік басқаруға, бұл функцияны жүзеге асыруға айтарлықтай дайын емес элементтердің енуі басшылықтың орталықтанбауынан туындаған дағдарыс пен саяси дербестікті жоғалтуға алып келгендігі белгілі.

Саяси бытыраңқылық пен орталық биліктің әлсіздігін ғалым Г. А. Михалева былай көрсетеді: «...нападения на торговые караваны, следующие через казахскую степь, предотвратить не удавалось. ... Оренбургский генерал – губернатор Г. С. Волковский вызвал в Оренбург самого хана с его советом и главным начальником родов и взял у них письменные обязательства немедленно возратить разграбленные товары и обеспечить безопасность прохождения купеческих караванов. Но ни угрозы, ни обязательства не дали желаемых результатов. Центральная ханская власть в жузах к тому времени стала настолько номинальной, что султаны и старшины все меньше признавали власть хана, лишая его возможности водворить спокойствие на караванных дорогах» [3, 58].

Ресей әкімшілігі тарапынан қолданылған «бөліп ал да, билей бер» принципі Қазақ хандығының тұтас организм ретінде қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермеді. Бұл саяси жүйедегі терең эволюциялық процестерге, біртіндеп дәстүрлі дала демократиясы институттарына деген сенімнің азаюына, қорыта айтқанда, бұл институттардың жойылуына алып келді деуге толық негіз бар. Ресей сыртқы саясатының Орта Азиядағы көрінісі Қазақстанды бодан ету

арқылы Орталық Азиядағы керуен саудасын бақылауға алу болатын. «Необходимо было постепенное внедрение русской власти в казахских жузах путем строительства на караванных дорогах военизированных укреплений и массового вовлечения казахов в орбиту экономических интересов России.

...Строительством укреплений в глубине казахской степи царское правительство стремилось подчинить себе казахов, как в свое время это было сделано с башкирами. Д. Гурьев (министр финансов царской России) предложил так же построить в казахской степи Меновый двор, таможенную и суд для разбора дел казахов, а на торговых путях создать редуты и кордоны для сопровождения караванов в Среднюю Азию» [3, 60-61].

Оның үстіне әлемдік державалардың құдіретінің артуы Орта Азия аймағында шиеленіс тудырып, стратегиялық басымдыққа ынталандырды. Ресей сыртқы саясатының бір ұшы Орта Азияда өзінің стратегиялық басымдығын орнату болса, Қазақ хандығын толық ішкі саяси қатынастардың ықпал ету аймағына айналдыру бұл саясатты жүзеге асырудың кілті деу орынды. «Казахстан являлся не только целью, но и средством при решении задач, стоявших перед внешней политикой России на Востоке. Если бы Российская империя не придавала этой роли казахским степям, ее правительство не пошло бы на присоединение столь огромного края лишь в целях защиты казахского народа от постоянной опасности извне» [1, 73].

#### **Қазақ билеушілерінің саяси-құқықтық идеяларының мазмұны**

Ресей империясына өзінің тәуелділігін мойындаған Кіші жүз хандары белгілі саяси көлемде өз тәуелсіздіктерін сақтап қалуға тырысты. Өздерінің жеке саяси мүдделерін қорғауда Ресей тағына арқа сүйеген Әбілқайыр, Нұралы, Есім, Айшуақ, Жантөре, т. б. хандары ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етуде сыртқы күштерге одақтастарына арқа сүйеді.

Кіші жүздің ханы Әбілқайыр туралы саяхатшы Джон Кэстль күнделігінде былай жазады: «Абул Гейер командует вооруженными силами из 40 000 человек, но не является самодержавным властителем, а зависит от совета старшин. Он исполняет то, что одобряют старшины. Его прерогатива состоит в том, что он является верховным судьей и имеет право двух голосов: все публичные приговоры вступают в силу только после его одобрения» [4, 109].

Әбілқайырдың саяси-құқықтық ойлары Жоңғар хандығының күшейіп, Қазақ хандығының басына ауыр күн туғанда қалыптасқандығын ескеру керек. Ауызбіршіліктің болмауы нәтижесінде, саяси дағдарыстан әркім өзінше жол іздейді. «Так вспыхнула борьба за господство в Младшем жузе между султанами Каипом, Абулхаиром, Батыром» [5, 15].

Өзінің стратегиялық дарынымен белгілі Әбілқайыр ішкі саясатта гегемонияға ұмтылғанымен, Қазақ хандарының Кіші бұтақтан хан сайламау дәстүрінің құрбаны болды. Ел билеуде, жасақ басқаруда басқа Шыңғыс хан ұрпақтарынан басымдық көрсеткенімен де Қазақ жасақтарының бас қолбасшысы атағынан арғысын ала алмады. Бұл әділетсіз принцип Әбілқайырдың орталық билікті нығайту бағдарламасын жүзеге асыруына мүмкіндік бермеді. «Абулхаир стремился воплотить в жизнь три взаимосвязанных принципа преобразования системы власти: исключительную принадлежность ханского титула лишь одному из представителей казахского сословия джучидов, полновластия правящего хана, прямого монодинастийного наследования ханской власти и высшего титула только членами семейства этого единого правителя» [6, 152].

Орталықтанған Қазақ хандығының ыдырауына тек Әбілқайырды кінәлі деп қарастыруға болмас. Саяси амбицияларын жүзеге асыруда жалпыұлттық мүддені ескермеу бұл кезеңде кең қанат жая бастады. «Жеңістен кейін бір орталыққа бағыну мен ұлы хан сайлау мәселесі алға қойылды. Бірақ, қазақ жүздері сол бойы бірікпеді; Әбілқайырды ұлы хан сайламады, солтүстіктен башқұрттар қазақ жеріне басып кірді деген хабарды естіп, Әбілқайыр мен Сәмеке өз мекендеріне жөнеледі» [7, 144; 8, 135].

Бұған ашуланған Әбілқайыр үш жүзді біріктіретін хан болуды өзіне басты мақсат етіп қойды. «Встретив дружное сопротивление представителей Среднего и Старшего жузов, обиженный Абулхаир покинул фронт со своим войском и пошел к власти «другим путем». Объявив себя ханом Среднего и Младшего жузов, стал добиваться признания его Россией всеказахским ханом» [9, 136].

М. А. Сәрсембаевтың ойынша Әбілқайырдың Ресей империясына қосылуы ханның орталық билікті күшейтіп, өз қол астына басқа жүздердегі билікті шоғырландыру болып табылғандығын айтады. «Присоединение Младшего жуза Казахстана к России в 1731 году с некоторыми оговорками было добровольным. Не последнюю роль сыграло то, что хан этого жуза Абулхаир рассчитывал с помощью

русских властей распространить свое влияние и на другие казахские жузы» [10, 19].

Бұл арманға қол жеткізу үшін Әбілқайыр көрші мемлекетпен одақтық қатынастар орнатуға тырысады. Алайда, өз өтінішіне оң жауап ала алмаған Кіші жүз ханы аз уақыт көлемінде Ресейге жаңа ұсыныспен шығады. Бұл ұсыныс одақ құрумен қатар, протектораттық қатынастарға жол ашады. «Совершая этот неординарный политический шаг, он был глубоко убежден в том, что без сильной внешней поддержки Российского государства ханская власть в Степи не сможет обеспечить сколько-нибудь стабильную интеграцию казахов всех трех жузов на долговременную историческую перспективу и сохранить социокультурное единство и этнотерриториальную целостность Казахского ханства в условиях почти перманентной военной агрессии со стороны ближайших соседей» [6, 152].

Халқының басына ауыр күн туғанда қарапайым адамдарға қорған бола білген хан, өзінің ішкі саясатының негізгі бағыты ретінде тұрақтылықты сақтап қалу екендігін ұғындыратын бірқатар қадамдарды жүзеге асырды. Өзі кедейшілікті бастан өткерген хан замандасы Абылай секілді билікке жетуде барлық шараларға бара білді. Яғни, Кіші жүз ханын белгілі ойшыл Макиавеллидің жақсы шәкірті деп қарастыруға болады.

Өзінің таққа барғандағы негізгі мақсатын халықты біріктіру деп айқындаған хан, тарихтың бұл кезеңінде Қазақ халқының алдында таңдау тұрғандығын түсінді. Ол таңдау: не бірігіп жауға қарсы тұру немесе басқа елдің өзінен күштілігін мойындау! Қазақ халқына осы жолайырықта жақсы одақтас қажет екендігін білді. Бар жауапкершілікті мойнына алып, күшті, жаңа одақтасты таңдады. Ол - Ресей болатын. «Единственный выход, который видела наиболее дальновидная правящая казахская верхушка в сложившейся обстановке, состоял в принятии российского протектората. От решения этого вопроса по существу зависела судьба казахского народа. Поэтому ходатайство о российском протекторате становится основной задачей казахских посольств в России и русско-казахской дипломатической переписки. Все это знаменовало качественно новый этап в отношениях между Россией и Казахскими ханствами.

Значительную роль при решении вопроса о российском протекторате Казахских ханств сыграл видный военный и политический деятель хан Абулхаир, сумевший лучше других

правильно оценить сложную внутреннюю и международную ситуацию, в которой оказались Казахские ханства» [1, 129-130].

Бұрыннан тығыз сауда байланыстарын ұстап отырған көрші мемлекет, енді елдің қорғаушысына айналуы керек еді. Сауда қатынастарын өркендетуден басқа Әбілқайыр Қазақ хандығында отырықшы шаруашылық пен ішкі модернизацияның жақтаушысы болды. Оның сыртқы саясатының белгілі бір жемісі ретінде Орынбор қаласының салынуын айтуға болады. «Наряду со стремлением к развитию регулярных торгово-экономических отношений с Россией Абулхайр проявлял большую заинтересованность в возведении городов внутри степи, распространении среди казахов европейской образованности и новых практически полезных знаний в военном деле, ремеслах, материально-бытовой культуре и других сферах, овладений кочевой знатью европейскими светскими «обхождениями и манерами» [6, 153].

Әбілхайыр хан айлакер саясаткер ретінде мұндай одақтастың құнын да, ішкі дүниесін де білетін. Осы ойдың түбінде дала билеушісінің таңдауы да жатыр емес пе? Ресейге тәуелділігін мойындағанмен, ішкі саясат пен халықаралық қатынастарда толық егемендігін сақтап қалған хан, өзінің Орта Азиядағы ықпалын күшейту мақсатын да сыртқы саясаттағы негізгі бағыттардың бірі ретінде бекітеді. Яғни, белгілі дәрежеде Әбілқайыр мен Абылай хан ойларының арасында сабақтастық сезіледі.

Ресей тарапынан қолдау әскери дайындықты күшейту үшін де қажет еді. Жоңғар шапқыншылығында өзінің негізгі жеңіліс себебі ретінде әскери – техникалық артта қалушылық деп түсінген хан бұл саладағы мешеулікті жою үшін, Ресей әскерлерінен көп нәрсені үйрену қажеттілігін жете түсінді.

Кіші жүз қазақтарының жаңа саяси жағдайда орталыққа бағынбайтын, айтарлықтай дербес мемлекет ретінде қалыптасуы жалпы ауыз біршілікке кері ықпалын тигізгенімен де жеке аймақтың саяси потенциалын жүзеге асыру тұрғысынан аймақтық саясаттың тамаша жетістігі деп қарастыруға негіз бар. Құқықтық тұрғыдан Кіші жүз тәуелсіздігін қамтамасыз етудің қиын болатындығын түсінген Әбілқайыр ерекеті - феодалдық қатынастардың белгілі даму шегіне жеткенде саяси ыдырау процестерінің орын алатындығының айғағы.

Билікті орталықтандыруға тырысқан Әбілқайыр, алайда, ықпалды рубасылармен билігін бөлісуге мәжбүр болды. «В казахских жузах хан вместе с советом старейшин решал важные

внешнеполитические вопросы. Более того, хан без совета старшин не мог вынести ни одного решения по вопросам внутренней и внешней политики. Совершенно определенно такое положение было сформулировано 10 октября 1731 года на собрании старшин, что хан без совета старшин ничего не повинен чинить. Старшины были возмущены тем, что Абулхаир – хан решил принять подданство России без их ведома и согласия. Но в конечном счете совет старшин подписал текст присяги на верность России, что явилось одним из дипломатических документов, составивших основу договора между младшим жузом и России о присоединении» [11, 108].

Кіші жүздің айбынды ханы өте күшті жергілікті элита сегментімен санасуға мәжбүр болғанын тағы да Джон Кэстль күнделігіндегі: «В 1736 году 27 июня днем хан проводил судебное разбирательство. Обстоятельства были таковы: один из подданных хана угнал у другой орды 40 кобыл. Был пойман и приведен к хану, тот, не теряя времени, собрал старейшин, и скорый суд вынес такое решение: угнанных кобыл отдать, а вора наказать хорошей поркой, что тут же было исполнено» [4, 134], - деген жазбаларынан байқауға болады.. Оның үстіне Әбілхайырдың дәстүршілдік табиғаты ашылады, оның Абылай секілді саясаткерге қарағанда билікті орталықтандыра алмағандығын байқаймыз.

Өмірінің көпшілік бөлігін саяси соғыстарда өткізген ханның хандық ішінде де, сыртында да жауларының болғандығы белгілі. Осындай қақтығыстардың бірінде Ресей тарапынан қолдауға ие болған Барақ сұлтан қолынан қаза тапқан хан осы кезеңдегі ең белді тарихи тұлғалардың бірі екендігіне ешқандай күмән жоқ. Өзінің хан ретіндегі миссиясының өзегін Әбілхайыр халқының болашағына бағдар көрсету деп білді. «Свою главную историческую миссию как верховного правителя хан Абулхаир видел в том, чтобы дать казахскому обществу ясные и четкие ориентиры его будущего поступательного развития» [6, 154].

Өмірінің соңғы кезеңінде Әбілхайыр ішкі және сыртқы саясатында дербестік сақтап қана қойған жоқ, Ресей отаршылдығына қарсы бас көтере бастады. «Все события, происходившие в Младшем жузе, уже не устраивали Россию и Абулхаир, считавшийся официально всеказахским ханом по грамоте, выданной ему императрицей Анной Иоановной, должен был уйти с политической арены.

Кроме того Абулхаир и сам понял, в какие сети он попал, приняв подданство России, и этого не могло не учитывать российское правительство» [12, 189].

Ресей тарапынан тәуелділікті мойындағанымен, іс жүзінде дербес саясаткер болған хан жаңа тенденцияларды айқындай білген адуынды билеуші, өз халқының тамаша өкілі ретінде тарихта орын алуы заңдылық деп қарастыруға толық негіз бар. Оның Қазақ хандығы дәуіріндегі негізгі еңбегі ғасырларға жалғасқан Ресей мәдениеті мен еуропалық немесе ресейлік бағыттың басымдығын белгілеуде болып табылады. Бұл тарихи таңдау қазақ халқының ғасырларға созылған дамуының векторы мен саяси жүйесінің эволюциялық заңдылықтарын айқындап берді. «Сопоставив между собой все возможные варианты выхода казахского народа из постигшего его апокалипсиса, Абулхаир-хан сделал однозначный выбор в пользу европейской цивилизации и тем самым придал новый импульс развитию казахского общества» [6, 154].

Ханның ішкі саясаттағы тәуелсіздікті сақтап қалуға тырысуы Кіші жүздегі бұдан кейінгі билік институттарының эволюциясын түсіндіреді.

Кіші жүздегі Нұралы ханның тұсындағы терең саяси дағдарыс та, хандық биліктің эволюцияланып Бөкей ордасының пайда болуы да, Кіші жүздің бөлек хандық дәрежесіне жетіп, басқа жүздерден тәуелсіз, Қазақ хандығының ыдырауына ықпал еткен осы Әбілқайыр ханның саясаты болатын. Қуатты ханның ұрпақтары хан секілді күшті беделге ие болған жоқ. Осының бәрі түп нәтижеде хандық өмірінің негізгі көрсеткіші ретінде көрініс табатын хандық биліктің жойылуына да алып келді.

Әбілқайырдың өлімінен кейін таққа Нұралы сұлтан отырды. Кіші жүздің ханы ретінде Нұралы ішкі дербестікті сақтап қалуға тырысты. Ресей империясының экспансиялық саясатының күшеюі дәстүрлі билік институтына сенімсіздік тудырды. Үлкен беделге ие Әбілқайырдың қайтыс болуы хан отбасының мүмкіндіктеріне күмән тудыра бастады.

Нұралы Кіші жүздегі билігін нығайту мақсатында аймақтарға өзінің сенімді адамдарын отырғызды. Бұл ғасырлар бойы төрелердің жеке билікті нығайту үшін қалыптастырған амалдарының бірі болатын. Алайда, Нұралы сүйенген аймақтық басшылар өздерін биіктерден көрсете алмады. Нәтижесінде, бұл тұлғаларға деген сенімсіздік орталық билікке де сенімсіздік тудырды. Нұралының жайылымдарды бекітудегі кемшіліктері халық наразылығына тап болды. «Следует



признать и пагубные последствия фискальной политики самого Нуралы хана, который по своему усмотрению распределял кочевья номадов, облагал их не предусмотренными степным законодательством повинностями» [13, 28].

Нұралының тағы бір қыры жауынгер, дипломат ретінде белгілі болатын. Жаугершілік заманда өзін тәжірибелі басшы ретінде көрсете алған билеуші Нұралының ықпалы отбасының басқа мүшелеріне қарағанда басым болатын. Сол себептен Әбілқайырдың кезінен қарсылық тудырып келе жатқан хандардың сыртқы саясаты өз жалғасын тапты.

Сыртқы саясатта Нұралы Абылай хан секілді екі векторлы саясат жүргізуге тырысты. Ресей империясының экспансионистік саясаты көшпелі халыққа аса ауыр тиді. Осы процестерді тоқтату үшін Нұралы Қытай империясына арқа сүйеуге тырысты. Өкінішке орай, бұл әрекеттер жергілікті халық тарапынан дұрыс қабылданбай, ханның сыртқы саясатына деген наразылықты күшейтті. Бұл жайында Шоқан Уәлиханов былай жазады: «По-видимому, император Цян-Лун хотел повторить времена ханьской и танской династий. В 1756, 1758 и 1760 годах китайские отряды вступили в земли киргизов Средней орды. Владетели киргизские: Нуралы – хан Малой орды, Абдульмамет – Средней и Аблай спешили войти в сношения с Поднебесной империей» [14, 114].

Сыртқы саяси жағдайдың күрделенуі Емельян Пугачев бастаған көтеріліспен тығыз байланыста өрбіді. Шаруалардың ауыр жағдайы осы кезеңде Ресейдің оңтүстік аймағында қарсылық әрекеттер тудырды. Бұл Ресей экспансиясын шектеуге тамаша мүмкіндік болатын. Пугачев көтерілісі кезінде патшалық Ресейдің жергілікті элита тарапынан қолдауға ие болуға тырысуы заңдылық. Ресей императрицасы Нұралыға Кіші жүз тарапынан бүлікке қатысқан адамдарды шектеу туралы бұйрықтары көптеп келіп жатты. Бұл жағдайда хан сыртқы саясаттағы тәжірибелігін көрсетіп, Пугачевпен келіссөздер жүргізді. Тіпті ханның немере інісі Досалы Пугачев әскерлері қатарында өз елінің тәуелсіздігі үшін күресті. Хан бұған көз жұма қарауға мәжбүр болды. «Нуралы хану в условиях все более обнажающихся противоречий в Младшем жузе, ухудшения его взаимоотношения с губернатором И. Рейнсдорпом надлежало предостеречь Айшуака, а также двоюродного брата Досалы и его сына Сейдалы от всякого проявления лояльности по отношению к восставшим» [15, 17].

Біріншіден, Ресей империясының өңірдегі саясаты шынымен де хандық билікке қауіп төндіріп, егемендіктен айрылуға алып келетіндігі айқын еді.

Екіншіден, көтерілістің халық тарапынан қолдау тапқаны соншалық, хан Пугачевке қарсы саясат ұстанған жағдайдың өзінде мұндай саясаттың халық тарапынан қолдау табуы екіталай болатын. Мұны дұрыс бағалай алған хан бүлікшілермен күрескен кейіп танытып, шын мәнінде ешқандай қарсылық көрсетпеді. Ал, көтерілістің алғашқы кезеңінде Нұралы бүлікшілерді белгілі дәрежеде қолдап та отырды. «Симпатия хана Нуралы на первоначальном этапе восстания не вызывает сомнения» [15, 17].

Қазақ хандығындағы феодалдық қатынастардың жетілмегендігін ескерсек, қазақ бүлікшілері мынадай мақсаттарды көздеді.

Біріншіден, Кіші жүз қазақтары аталмыш кезеңде Ресей экспансиясының зардаптарын көбірек сезе бастады. Ал, қайта тірілген патша әр ұлтқа өз егемендігі мен жерін қайтарып беруге уәде берді. «Орыс басқыншылығына қарсы әр түрлі аймақтардағы бас көтерулер нәтижені өзгерте алмады. Пугачев көтерілісі мен бұған көмек көрсеткен кіші жүз ханы Нұрәлінің ортақ әрекеті еш нәтиже бермей, соңында Нұрәлі хан да қолдау көрсетуден бас тартуға мәжбүр болды» [7, 145].

Екіншіден, қазақ қоғамы биліктің қасиеттілігін білетін, дәстүрлі билікті құрметтейтін болғандықтан, патшаның қайта тірілу теориясы қазақ жұртшылығы тарапынан аянышпен қабылданды. Мұндай дәстүрлер осы өңірде өмір сүріп отырған басқа да түркі халықтарынан қолдау тапты. Нұралы бұл жағдайда екіжақты саясат ұстанып бүлік жеңіліспен аяқталған жағдайда да айтарлықтай дербестікті сақтап қалуды ойластырды. «Досалы же султан, видимо, до того поверил в действительное «воскресение» императора Петра III Федоровича, что 18 сентября обратился к Е. Пугачеву со специальным письмом. ...Само перечисление титулов давно усопшего, умершвленного в 1762г. фаворитами Екатерины II императора в некоторой степени говорит об убежденности Досалы» [13, 18].

Бұл көтеріліс хандықтың ішкі жағдайына да өз ықпалын тигізді. Ресей империясына қарсы бағытталған көтеріліс жеңілгенімен, аймақтарда сапалық өзгешеліктермен өз жалғасын тапты.

Башқұртстанда болған көтеріліс пен Қазақ хандығының Кіші жүзіндегі Сырым Датұлының көтерілісі соның айқын көрінісі.

Башқұрт халқының көтерілісі хан әкімшілігі тарапынан қолдау таппады. Себебі, тәжірибелі билеуші баскөтерудің немен аяқталарын білді. Ресей әкімшілігінің бүлікті қазақтардың күшімен басуға тырысуы халық тарапынан қарсылық тудырды. Халық ішінде көтеріліс идеясын іштей қолдайтын элементтер күшейіп, ханның көршілес түркі мемлекетіне қатысты саясаты белгілі наразылық тудырды. Башқұрт көтерілісін басып-жаншуға қазақтың сұлтандары да қатысты. Айшуақ, Ералы сұлтандар мұнда өз жасақтарын бастап келді.

Қарапайым халық көбіне башқұрт бүлікшілеріне көмек беріп, қазақ жерінде саяси баспана беруге ұмтылды. Хан да бұған күшті қарсылық көрсетпеді. Бауырлас мемлекеттердің арасына іріткі салу саясаты Ресей тарапынан күткен нәтижеге әкелмеді. Дегенмен, өзін белсенді Ресей мүдделерін қорғаушы ретінде көрсеткен хан орталық билік тарапынан егемендікті талап етті. Дегенмен башқұрт көтерілісі кезіндегі Нұралының әрекеттері мен формальды Ресей империясының вассалы ретінде башқұрттарға қарсы әрекеті оның орда ішіндегі билігінің әлсіреуі мен беделінің түсуіне алып келді. Кейін орын алған Сырым Датұлы бастаған көтеріліс өзге себептердің ішінде осыны да ескерген болатын.

Нұралының хандық құрған соңғы кезеңдегі саяси-құқықтық ойларын айқындау үшін тарихи жағдайды түсініп алу керек. Біріншіден, Кіші жүз қазақтарының әр түрлі көтерілістер барысында күшейген саяси белсенділігі, ең бастысы, Ресей әкімшілігі тарапынан жүзеге асырылып отырған саясатқа наразылық аймақта қауіпті саяси жағдай тудырды. Хан үлкен беделге ие болғанымен, оның саясатын түсінбеушілік орын ала бастады. Аймақтық саясатта хан арқа сүйеген адамдардың хан беделіне келтірген нұқсаны жайында біз жоғарыда айтып кеттік. Мұның бәрі халық наразылығын тудырып, Сырым Датұлы бастаған көтеріліске алып келді.

Екіншіден, аймақта Ресей атынан басшылықты жүзеге асыратын жаңа саяси тұлға О. Игельстром тағайындалды. Аймақтағы саясатта бұл фигура өте маңызды рөл атқаратын. Жаңа басшылық аймақты басқару аппаратының икемсіздігін байқап, ресейлік ішкі жүйені қалыптастыру арқылы ішкі саяси нарыққа кіргізуді жоспарлады. Осы екі үлкен мәселемен қарсы күресуге мәжбүр болған хан тығырыққа тірелді. Оның үстіне белгілі дәрежеде башқұрт көтерілісіндегі көмек пен Пугачев көтерілісіне формальды болса да қарсылығы Нұралының жергілікті элита тарапынан қолдаушыларын азайтып, хан билігін тіпті шектеп тастады. Айбынды Абылайдың Орта жүздегі билігі іс жүзінде

Кіші жүздің де бірқатар территорияларына жайылып, кейбір рулар өз хандарын сайлап, Нұралының ықпалын азайтып тастады. «Нурали хан почти не имел власти в жузе (часть его вассалов признала власть Аблая, часть образовала самостоятельные владения). Постоянно подвергаясь нападениям со стороны своих же подданных, он был не в состоянии организовать защиту даже собственного дома, не говоря уже об охране интересов ханства в целом» [16, 100].

Логика бойынша Нұралы Орынбор әкімшілігіне арқа сүйеп, бүлікшілерді басуы керек еді. Алайда, Нұралының бұл жаңылысы үзінін тақтан таюына алып келді. Мәселе Игельстромның хандық билікті жоюдағы ниетінде өзіне одақтас іздеп, оны бүлікшілердің басшылығы тарапынан табуға тырысуы болатын. Нұралы саясаттағы мұндай альянстың болуы мүмкіндігіне сенбеді.

Саяси-құқықтық ойларының негізі ретінде Нұралы шектеулі болса да қазақ мемлекеттігін сақтап қалуды, дәстүрлі билік институттарын өзгеріссіз қалдыруды көздеді. Қазақ мемлекеттігінің түсінігі бұл кезеңде хандық билік түсінігімен пара-пар болатын. Сондықтан дала өркениеті жағдайында биліктің осы формасын сақтап қалу мемлекет өмірінің ең маңызды сұрағына айналды.

Нұралы орынборлық шенеуніктің хандық билікке қатысты ойларын уақыт өте келе айқындай бастады. Дегенмен, Қазақ хандығының ішінде үлкен ықпалға ие ханды тақтан тайдыру оңай емес болатын. Хан қарсыластарынан қорықпай, орда ішінде үзінін жақтастарын топтастырды. Билік үшін күреске дайындық үстінде жүрген ханға халық наразылығының күшеюі өз жоспарларын жүзеге асыруға кедергі келтірді. Ішкі қайшылықтар күшейген сайын хан отаршылдық әкімшілікке жалтақтай беруге мәжбүр болды. Бұл отаршылдық әкімшіліктің позициясын күшейтіп, хандық билікке наразылықты көбейтті. Ішкі қайшылықтар күрделенген сайын сценарий қайталана берді. Нәтижесінде ішкі қайшылықтар шешілмес түйінге айналды. Игельстром реформасының бірінші кезеңі басталды. Реформаның негізгі мақсаты хандық билікті жою болатын. Бұл мәселеде, Игельстром биліктің жергілікті сегментіне арқа сүйеп, оны хандық билікке қарсы қойды. Оларға тіке губернаторға шағымдану құқығы берілді. Нәтижесінде, Кіші жүздің ханы Нұралының қолында билік инструменттерінің барлығы тартып алынды. Көтерілістің ауқымының кеңейгендігін пайдаланған губернатор Нұралыны Орынборға көшуге шақырды. Хан амалсыздан патша шенеунігінің ұсынысын қабылдады. Осыны пайдаланған Игельстром Кіші жүзде

хандық институтын жойды. Нұралының Кіші жүздегі хандық құрған кезеңі аяқталды.

Нұралы Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-құқықтық ой дағдарысының көрінісі. Хандық билікті қолында шоғырландыра алмаған, билігін Кіші жүз территориясының көпшілік ауқымына жая алмаған хан дәстүрлі билік институттарын сақтап қалуға тырысты. Алайда, бұл идея терең саяси-әлеуметтік дағдарыс жағдайындағы Кіші жүз қазақтарын топтастырып, біріктіре алмады да, қазақ мемлекеттігінде өзінің орны бар тарихи фигураның тақтан таюына алып келді.

Кіші жүздегі қалыптасқан саяси ахуал Ресей әкімшілігі тарапынан да, Қазақ хандығы тарапынан да тығырықтан шығу жолдарын қарастыруды талап етті. Нұралы ханның тақтан кетуі, саяси еріктен тыс болғандығын түсінген ақсүйек элитасы өздерінің негізгі мақсаты ретінде Нұралыны таққа қайтарып, хандық билікті қалпына келтіру деп айқындады. Игельстром реформасының орынсыз екендігін Сырым бастаған старшындардың жаңа хан тағайындау туралы ұсыныстары дәлелдеді. Игельстром әлде де саяси реформасын жалғастыруға тырысып, біраз уақыт Кіші жүзде хандық таққа ешкім отырмады. Дегенмен, дала элитасының талаптары, қоғамдық қатынастардың хандық билікті жою үшін пісіп-жетілмегендігі, Ұлы Француз буржуазиялық революциясынан туындаған ішкі тұрақтылық қажеттілігі хандық билікке Ералының келуімен аяқталды. «О. А. Игельстром был отправлен в отставку, получив назначение в армейский корпус, сосредоточенный для войны со шведами. При новом губернаторе ханская власть была восстановлена. На белом войлоке был поднят брат Нуралы – султан Ералы» [13, 36].

Ералының саяси-құқықтық ойлары Нұралы мен Әбілқайыр ханның саяси және құқықтық идеяларымен тығыз байланысты болатын. Әкесінің тұсында өзінің дипломатиялық айлакерлігімен белгілі Ералы енді ішкі саясаттың негізі ретінде қоғамды біріктіру идеясын ұсынды. Ресей отаршылдығының дендеуі, қазақтың шұрайлы жерлерінің Ресей отаршылдары тарапынан тартып алынылуы қоғамда қарсылықтың жаңа кезеңін бастады. Сырым батыр ішкі саясаттағы өз ықпалын кеңейтіп, Әбілхайыр ұрпағына деген сенімсіздікті күшейтті. Бұл жағдайда ханның жаңа саяси жағдайға икемделуі керек болатын. Ол өз жақтастарын топтастырып, Сырым батырдың ықпалын шектеуге тырысты. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін Орта жүз ханы Уәлиге де арқа сүйеді. Өз тағынан айрылып қалудан қорыққан оның үстіне

Нұралымен туысқандық байланысы бар Орта жүз ханы, Сырым бүлігінің кең қанат жаюына мүмкіндік бермеу идеясын ұстанды.

Сырымның Орынбор әкімшілігімен тығыз қатынастар орнатуы халық тарапынан белгілі дәрежеде сенімсіздік тудырып, батыр жақтастарының қатарын сиретті. Таққа ұсынылған Қайыптың қайтыс болуы Ералының позицияларын күшейтті.

Билікке қартайған шағында келген Ералының негізгі қызметі Ресей басқыншылығына қарсылық көрсету, өз жақтастарын топтастырып, халықты біріктіруге тырысуымен аяқталды. Алайда, Ералы әкесі мен ағасы секілді Кіші жүздің көпшілік жеріне билік жүргізе алмай кеткендігін атап өткен жөн.

Саяси ойлары дәстүрлі дала институттарын сақтай отырып, қазақ қоғамының ішкі егемендігін күшейтуге бағытталған болғандықтан Ералыны өзінің ағасының ізімен жүруші деп қарастыруға болады.

Ресей сыртқы саясатында Қазақ хандығын толыққанды отарға айналдыру мәселесі, хан тарапынан наразылық та, қиындық та тудырып отырды. Шекаралық үкіметтің зорлық әрекеттері мен негізсіз қудалау, хан тарапынан қарсылық туғызғанымен де к%откен нәтижелерге әкелмеді. Бұл мәселені бейбіт жолмен шешу мүмкіндігін шектеп, хандық билікке деген сенімсіздікті күшейтті.

Қазақ даласындағы жер қатынастарының күрделену нәтижесінде туындаған мәселерді Әбілқайырдың сыртқы саясатының зардабы деп қарастырған саясаткерлер, оның ішінде Сырым батыр да кейінгі хандарды Әбілқайыр саясатын жалғастырушы деп қабылдады. Бұл белгілі дәрежеде дұрыс қорытынды еді. Алайда, Әбілқайырдың саясаты Ресейге арқа сүйеп, сыртқы жаулардан қорғану болғандығын жеткілікті дәрежеде түсінбеді. Оның үстіне Жоңғар хандығы Қытай тарапынан жаулап алынғаннан кейін сыртқы қауіп белгілі дәрежеде сейілгендей болатын. Сондықтан мұндай сыртқы саясаттағы қажеттілік өзінің өзектілігін жоғалтқан болатын. Осы факторлар Әбілқайыр тұқымының терең саяси дағдарысқа түсуіне себепші болды.

Мәселенің түп негізі Кіші жүзді саяси тәуелсіздіктен айыру мақсатында хандық билік институтын әлсіретіп, халық алдында бұл институтты дискредитациялау қажеттілігі Ресей әкімшілігі тарапынан айқын сезілді. Сепаратистік тенденцияларды іштей қолдаған отарлық әкімшілік, хандық биліктің ішкі проблемаларды шешудегі әлсіздігін де байқаған болатын.

Бұл қатынастардың әсіресе Есім хан тұсында ерекше маңыздылыққа ие болғандығын байқаймыз. Есімнің таққа келуі

Айшуақ секілді ішкі саясаттағы белді фигураның қолдауымен байланысты. Алайда Есім ханның хандық дәуірі қысқа болатындығын көп саясаткерлер болжап отырды.

Нұралы ұлының ішкі саясатта әкесінің жолын қуып, тәуелсіздікке ұмтылуы отарлық әкімшілік тарапынан қарсылыққа ұшырады. Ханның өз билігін нығайту мақсатында Ресей әкімшілігіне арқа сүйеуі күрделі ішкі саяси жағдайды бұрынғыдан да ушықтырып жіберді. Сырым Датұлы бастаған көтерілістің шырқау шегі Есім хан тұсында болады. Жас хан, өкінішке орай, ішкі саясатта өзінің көздеген мақсаттарына жете алмады.

Сырым батыр көтерілісі күресуші тараптарды ортақ жаудан Ресей отаршылдығына қарсы күрестен бөлді. Есімнің ішкі саяси басымдықтары халық бірлігі идеясы мен ресейлік экспансияға қарсы күрес идеясы жүзеге аспай қалды. Ресей әкімшілігі Есімді өз мүдделеріне пайдаланып, ішкі саясатты ушықтырып отырды. Сырым батырдың Есім ханды өлтіруі күресуші тараптардың күш біріктіруіне кедергі келтіріп, іштегі тұтастыққа кедергі болған маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылуы керек.

Есімнен кейін хандық билікке таласпаған, алайда, хандық билікті мемлекеттіліктің көрінісі ретінде сақтап қалуға күшін аямаған Айшуақ келді. Саяси ойлары далалық институттарды сақтап қалу болғанымен, Айшуақ әлсіз, қартайған хан болатын. Есім ханның өлімі хандық ішіндегі билікке таласты өршітіп жіберді. Қаратай сұлтанның хандық билікке деген оппозициясы, ақсүйек өкілдерінің бірігуіне кедергі жасаса, Сырымның бүлігі Айшуақ тарапынан өшпенділік тудырып, кәрі ханның ашу-ызасын тудырды. Алайда, Айшуақ бұл уақытта толысқан билеуші ретінде, кіші жүз халқын біріктіруде жеке амбициялар мен өкпесінен жоғары тұрып, Сырымды хандық кеңеске шақырды.

Игельстром реформасының сәтсіздігінен кейін орынборлық басшылық Кіші жүздегі саяси дағдарысты шешу мақсатында хандық кеңес құруды ұсынды. Бұл кеңесті ханның ұсынысымен губернатор бекітетін. Яғни, хан кеңесі белгілі дәрежеде, отаршылдық әкімшіліктің жүздің ішкі саясатына ықпал ету құралына айналды.

Бұл орган хандардың құқығын шектеп, қоғамдық біріктіруші тетік рөлін атқаруы керек болатын. Осыдан хандық ішіндегі қайшылықтың жаңа қыры көріне бастады. Хан тарапынан кеңеске кіргізілмеген тұлғалардың наразылығы күшейді. Оның үстіне отаршылдық үкіметтің қолшоқпары ретінде белгілі бұл ұйым о бастан

сенімсіздікке ие болды. Айшуақтың ішкі саясаттағы ойы осы ұйымды пайдалана отырып, Кіші жүздің бірігуіне ауыздық болу болатын. Ол біраз уақыт қоғам бірлесуіне ықпал етті. Бұл ішкі ресурстарды қысқа уақытқа болса да бір қолға шоғырландыруға мүмкіндік тудырды.

Кіші жүздің саяси тарихында бұл кезең хандық биліктің әлсіреп, сепаратистік тенденциялардың күшейген кезі ретінде белгілі. Кәрі ханның қарсыластарымен күресте айбар көрсете алмауы Ресей әкімшілігі тарапынан ханды ауыстыруға деген ниет тудырды. Айшуақтың ұсынысымен келесі хан ретінде Жантөре бекітілді. Бұл тұлға Сырымның бұрынғы жақтасы, ішкі саясаттағы белді, беделді төре болатын. Сырым көтерілісі өз маңызын уақыт өте келе жойды. Бірақ билік үшін күресте жаңа ханға оппонент ретінде Қаратай бастаған сұлтандар қарсы шықты. Жантөре күшті саяси қайраткер ретінде биліктің табиғатын түсініп өзгертуге тырысқан адам. «Сохранявшаяся в Младшем жузе взрывоопасная ситуация, из года в год углублявшаяся соперничеством враждующих групп, все более приобретала негативную тенденцию отнюдь не в пользу Жантөре» [15, 127].

Жантөренің тұсында хандық кеңес принципіалды жаңа қырдан көріне бастады. Саяси-құқықтық ойларында алдыңғы хандардың ізін қуушы, алайда, ішкі саясатқа тұрақтылық әкеле алмады. Хандық билікті жою қажеттілігі Ресей әкімшілігі тарапынан айқын сезіле бастады. Төрелер қанша дегенмен ұлт мұқтажығын алға тартып, халық мүддесін қорғауға тырысты. Оның үстіне қазақтардың үстінен билік жүргізуде отаршылдық әкімшіліктің негізгі қарсыласы болды. Осы кезеңде халық тарапынан да, төрелер тарапынан да дәстүрлі хандық билікті сақтауда үлкен мүдде байқала бастады. Төрелердің ішкі тартыстарына қарамастан, хандық институтына келгенде ойлары бір жерден шықты. Бірақ ішкі саясатқа дендеп енген ресейлік сегмент тек күшейе берді. Тиімді отаршылдық саясат Кіші жүз аймағында жаңа автохонды хандық - Бөкей ордасының пайда болуына алып келді. Бұл процестер Кіші жүздің мемлекеттігін әлсіретуге бағытталған қадамдар болатын. «Жантөре был первым правителем Младшего жуза, испытывавшим сильнейшее давление губернской административной структуры в условиях постепенного ослабления ханской власти в ходе расширения военно-колониальных устремлений империи» [15, 127].

Төрелердің өзара тартысы Қаратай бастаған бүлікшілердің орталық хандық билікті мойындамауы, хан кеңесінің өз миссиясын толық орындай алмауы Жантөре секілді белді ханның өліміне алып



келді. Бұдан былайғы хандық тарихы Шерғазы мен Арынғазы хандармен тығыз байланысты. Алайда, бұл саяси тұлғалардың саяси-құқықтық ойлары басқа хандардан ерекшеленбеді. Күшті хандық құруға тырысқан хандар өз мақсаттарына жете алмады. Бұған феодалдық бытыраңқылық пен ішкі тартыстарды қолдап отырған Ресей әкімшілігінің отаршылдық саясаты ықпал еткендігі белгілі. Хандық биліктің жойылуы кіші жүздің отаршылдыққа қарсыласу потенциалын төмендетіп, саяси бытыраңқылықты заңдастырды.

Айбынды Абылайдан кейін 1781 ж. Орта жүздегі хан болып сайланған Уәли әкесі басын біріктірген Кіші жүз бен Ұлы жүзде өзінің саяси ықпалын сақтай алмады. Ресей тарапынан Орта жүз билеушісі ретінде грамота алған Уәли өзінің сыртқы саясатында, әкесінің жолын қуып қос векторлы саясат ұстануға тырысты. «Подражая отцу, он хотел поддерживать сношения свои с Китаем, и потому зимою с 1794 на 1795 год посылал сына своего к богдохану для засвидетельствования покорности, а родоначальников, исключительно преданных России, продолжал притеснять. Следствием того было, что в январе 1795 г. два султана, 19 старейшин и 43 360 человек им подвластных, с 79 000 разных других киргиз – казаков Средней Орды подали на имя императрицы прошение об избавлении их от власти хана Вали и принятии в непосредственное заведывание российского правительства. ... Между тем Вали изъявил раскаяние и подал надежду к примирению с недовольными, а потому все осталось в прежнем положении» [17, 282].

Қытай билеушісінен де Орта жүз билеушісі ретінде сенімділікке ие болған хан Ресей экспансиясына белді қарсылық көрсете алмады.

Уәли - хан ретінде билігін хандыққа түгел орнатуға тырысты. Саяси ыдыраңқылық жағдайында бұл мүмкін болмады. Себебі: «в последние годы он, (Вали, Ш. Е.) однако же, не был единственным ханом Средней Орды, ибо по несогласиям его с некоторыми родоначальниками и по просьбам многих киргиз – казахов в 1816 году назначен в Среднюю Орду императором Александром другой хан – Букей, сын Барака, умерший в 1819 году. Вместе с ним исчезло и звание ханское в Средней Орде» [18, 283].

Қазақ хандығының ыдырауын эволюциялық процестердің заңды қорытындысы деп қарастыруға болады. Себебі, мемлекеттік жүйедегі орын алған өзгерістердің ерекшелігі осы жүзшілдік элементтерінің күшейіп қазақ халқының тұтас халық ретінде өмір сүруіне кедергі келтірді. Хандық билік табиғаты бойынша Ресей отаршылдарына

қарсылық көрсететін. Мемлекеттіктің символы ретінде хандық билік отаршылдық процестерге кедергі келтіре бастады. Орта жүздің ханы ретінде Уәли аз да болса мемлекеттің егемендігін сақтап, отаршылдыққа қарсы бағытта күресті.

Бұл кезеңде хандық билікті әлсірету мақсатында Ресей әкімшілігі Орта жүздегі саясатқа араласып, іріткі салып отырған. Бұл жағдайда Бөкей секілді тұлғаның пайда болуы заңды. «Орыстардың айла-шарғысына алданған Арғын сұлтаны Бөкей 1812 жылы өзін хан деп жариялап, орта жүз қазақтарын екі хандық жағдайына әкеліп тіреді. Осы ішкі тартыстарға байланысты бөліну, яғни қазақ ру және сұлтандарының ішкі тартыстарын шебер қолданған орыстар бай және сұлтандарды хан деп тани бастауы ішкі тартыстарды одан әрі арттыра бастады» [7, 145].

Уәлиден кейін Орта жүзде орын алған саяси дағдарыстың нәтижесінде билікке Айғаным ханша келді. Қазақ хандығы дәуірінде ханның жарлары белді саяси билікке ие болу мүмкіндігін сақтағанымен, хан атағына қол жеткізе алмайтын. Бұл хандық билік институтының көшпелі қоғам көзінде беделінің төмендеуіне ықпал етті. Далалық саяси жүйеде патриархалдық идеялар басым болып, билік табиғатының өзі әйел адамның хандық басқаруына икемсіз болатын. Хандықтағы саяси-құқықтық ой мұндай мүмкіндікке дейін пісіп жетілмеген болатын. Бұл хандықтағы саяси-құқықтық жүйенің дағдарысының айқын көрінісі. Ресей отаршылдарының мақсаты хандық билік институтын қоғам алдында дискредитациялау мен сенімнен айыру болатын. Алайда бұл ойларының жүзеге асуына кедергі келтірген алғышарттар болатын.

Айғаным ханша ретінде өзінің негізгі миссиясын халық бірлігін сақтап қалу деп қарастырды. Алайда, жоғарыда айтқандай қоғамдық-саяси ойдың жетілмегендігі бұл миссияны жүзеге асыруға кедергі жасады. Ресейге арқа сүйеген ханшаның саяси бағыты негізінен ағартушылық идея төңірегінде өрбіді. Қазақ балалары тек білім арқылы ғана өз елінің болашағына сеніммен қарай алады. Қазақ халқының артта қалушылығының бір себебі, білімсіздік болатын.

Ішкі саясаттың тағы да бір маңызды бағыты халықты отырықшыландыру. Бұл саясатты жүзеге асыру үшін ханша тіпті Ресейден шаруалар алдырып, өзіне хан ордасын салдырды. Отырықшы экономиканың қуаты мен сан-салалығы көшпелі өркениетте кемелденген қуатты экономика құрудың алғышарты болатын.

Қазақ қоғамында бұл кезеңде, діни бағыт басымдықтары айқындалып, ислам дәстүрлері кеңінен ене бастады. Әйел адамның ел билеушісі болуына діни көзқарас қарсы болғанымен, білімді әрі ақылды ханша дінді өзінің ішкі саясатының тірегі ете алды. Дінді қорғау, күшейту арқылы идеологиялық тәуелсіздікті сақтап қалуға тырысты. Қазақ хандығы дәуіріндегі діни сегменттің күшеюі бұл кезеңге тән.

Сыртқы саясатта Айғаным күйеуінің бағытын қолдамай, тек ресейлік бағытқа басымдық берді. Ханшаның ойынша өзінің саяси белсенділігі мен амбицияларын айқындамаған Қытайға қарағанда ішкі саясатта өзінің басымдығын орнатып үлгерген Ресей саяси басым бағытқа айналуы керек. Айғаным хандық биліктің жойылатындығын сезді, әрі халықты бұл жағдайға икемдеуге тырысты. Өзінің ішкі, сыртқы саясатының өзегін осы жаңа қатынастарға бейімделу деп түсінген ханша, Қасым төренің оппозициясына тап болды.

Қазақтың әдет-ғұрып нормаларына сәйкес хандық билік Қасымның қолына өтуі керек-тін. Алайда, саяси тәжірибе жинақтаған Айғаным отаршыл әкімшіліктің ресурстарын қолдана отырып, таққа өзі отырғандығын жоғарыда айтқан болатынбыз. Абылай ұрпақтарының арасындағы бақталастық орданың Ресей экспансиясына қарсы тұру мүмкіндігін төмендетіп, ішкі ресурстарды топтастыруға мүмкіндік бермеді. Бұл орта жүздегі хандық билік ресурстарының шектеліп, ішкі дағдарысқа түскендігінің айқын көрінісі болатын.

«Шындығында XIX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ Ресейге бодан болған Орта жүздегі хандық билік біржола әлсіреп, Ресей отаршыл аппараты шенеуніктерінің қазақ рубасы мен хандық биліктен үміткерлерді бір-біріне айдап салу нәтижесінде оның қазақ қоғамындағы беделі де әбден төмендеген еді» [19, 72].

Нәтижесінде 1822 ж. Сперанскийдің әйгілі «Сібір қырғыздары туралы жарғысы» шығып, Орта жүздегі хандық билік жойылып, аға сұлтандық билік орнады.

**Ресей басқыншылығы мен экспансиясына қарсы саяси топтардың идеяларының ерекшеліктері.** Ресей отаршылдық саясаты мен хан саясатының белгілі дәрежедегі тиімсіздігі дәстүрлі саяси элита тарапынан қарсылық туғызбауы мүмкін емес еді. Бұған Кіші жүздегі Сырым Датұлы бастаған көтеріліс пен Қасым төре бастаған Орта жүз қазақтарының қарсылығы мысал бола алады.

Сырым Датұлының саяси-құқықтық ойларын зерттеуде бірқатар қиыншылықтар ұшырасады. Көтеріліске кеңестік кезеңдегі берілген

антифеодалдық мазмұн ғылыми зерттеу аясын шектейді. Бұл ойға қарсы бірқатар тұжырымдар айтуға болады.

Біріншіден, Сырым Датұлы дәстүрлі қоғамда өсіп, тәлім алған тұлға. Өзі де ауқатты отбасынан шыққан адуынды бидің феодалдық жүйеге қарсы шығуы екіталай.

Екіншіден, көтеріліс барысында Сырым Датұлының әрекеттері Ресей экспансиясына қарсы бағытталғандығы аңғарылады. Бұл дәстүрлі билік институттарында өтіп жатқан эволюциялық процестерге байланысты болатын.

Хан институтының құқықтық шектеулерге тап болуы, оның ішінде хан сайлау процедурасына енгізілген өзгерістер Кіші жүз хандарын Ресей әкімшілігінің шенеуніктеріне айналдырғандығы дәстүрлі билік өкілдерінің қарсылығын туғызбай қоймасы айқын. Шын мәнінде де Кіші жүз хандары Ресей әкімшілігінен айлық алып, солардың протекционизмінің арқасында ғана билігін сақтап қалғандай болатын. Оның үстіне хан әкімшілігінің тиімсіз ішкі саясаты мен Орта Азия хандықтарымен орын алып отырған қақтығыстар хандық ішіндегі наразылықты күшейтті.

Үшіншіден, мемлекеттік институттардың эволюциясы халық мұқтаждықтарын айтарлықтай ескермегендігін де айта кеткен жөн.

Төртіншіден, көшпелі мал шаруашылығына қажетті шүйгін жерлердің орыс шаруаларына үлестірілуі, дәстүрлі шаруашылық жүргізу ареалын шектеп тастады. Нәтижесінде, ғасырлар бойы қалыптасқан жер пайдалану институттары терең дағдарысқа ұшырады.

Осы ойларды саралай келе Сырым Датұлының саяси-құқықтық ойларының негізгі бағыттарын анықтауға болады. Сырым Датұлы Қазақ хандығының әдет-ғұрып нормаларына негізделген, дәстүрлі мемлекет пен құқық институттарының қалпына келуін қолдайды. Жалпы, Сырымның хандық билікке қарсы емес, тек Нұралы мен оның орнын басқан Кіші жүз хандарының ішкі саясатының Ресей отаршылдығымен ауыз жаласқандығы қарсылық тудырды. Бұл Сырымның өзінің жеке-дара билікке ұмтылғанының көрінісі емес. Батыр өзінің саяси-құқықтық ориентиріндегі негізгі бағыт ретінде халықтық, тәуелсіз монархияны қалпына келтіру болғандығын айқындай түседі. Оның үстіне халық арасында Әбілхайыр ұрпақтарына деген көзқарастың біржақты болмауымен де тығыз байланысты. Сырым өзін хандық билікке қарсы элемент ретінде емес, Әбілхайыр ұрпақтарына қарсы екендігін баса көрсеткісі келді. «Как известно, Срым-батыр, возглавивший народное движение, выступал не вообще

против ханской власти, а только за лишение ханского права потомков Абулхаира» [16, 94].

Даланың өз билеу институттарын қалпына келтіру үшін, Сырым тіпті Ресей әкімшілігімен келіссөздерге де барады. Бұл келіссөздердің негізгі бағытын айқындау үшін, батыр бастаған старшындардың талаптарына көз жүгіртіп өткен жөн болар. Батыр көтерілісінің белгілі зерттеушісі Михаил Вяткин Сырым бастаған старшындарды былай көрсетеді. «В июле 1785 г. Игельстром доносил Екатерине II о том, что после возвращения ахуна в Оренбург приехали 5 депутатов от собрания старшин» [20, 185].

Олар мынадай талаптар қойды:

Біріншіден, Нұралыны тақтан тайдыру. «Требования старшин сводились к устранению от ханства детей Абулхаира» [20, 185]. Бұл талап толықтай дерлік орындалды. Нұралы ханның ішкі саясатының тиімсіздігі мен аймақтағы саяси өкілдерінің халық тарапынан қолдауға ие болмауы оны патшалық билікпен жақындасуға мәжбүр етті. Нәтижесінде, хан Ресей тарапынан қорғаныс іздеуге ынта білдірді. Осыны тиімді пайдаланған Игельстром хандық билікті жоюға тырысты. Генерал-губернатордың негізгі мақсаты, қазақ даласына Ресей әкімшілік жүйесін енгізу болатын.

Оның үстіне хандық биліктің тарапынан белгілі дәрежеде жапа шеккен билер өзінің екінші талабы ретінде хандықты үш аймаққа бөліп, ол жерлерге билерді сайлау ұсынысы да Игельстром тарапынан жақсы қабылданды. «Жуз был разделен на три части, так называемые «Главные Орды» - Байулинскую, Семиродскую (Жетыру) и Каракесецкую» [20, 189]. Бұл жаңа институтты хандық билік альтернативасы ретінде енгізгісі келген губернатор өзінің әкімшілік реформасының негізгі элементі ретінде қарастырды. Алайда, қазақ қоғамы мұндай өзгерістерге дайын емес еді. Сырымның дәстүрлі билік институттарына қарсы емес, Нұралының ішкі саясатына қарсы екенін жете аңғармаған губернатор, көтеріліс табиғатын түсінбейтіндігін көрсетті. Оған страшындардың үшінші ұсынысы негіз бола алады.

Үшінші ұсыныс ретінде олар Қайып сұлтанды Кіші жүздің ханы ретінде бекітуді ұсынды. «...собрание постановило просить царское правительство утвердить нового хана в жузе. ... в конечном счете возобладали сторонники султана Каипа – именно об утверждении его ханом сделало представление собрание старшин» [20, 190]. Бұл ұсыныстың өзіндік ерекшелігі бар болатын.

Біріншіден, Қайып ханның негізгі саяси бағыттары белгілі болатын. Кіші жүздегі Әбілқайыр хан мен Батыр сұлтанның арасында орын алған қақтығыстарда Қайып Хиуа ханы ретінде өзінің әкесі Батырды қолдаған болатын. Бұл Ресей әкімшілігіне арқа сүйеген ханның сыртқы саясатындағы Ресейлік бағытқа келтірілген күмән ретінде қарастырылуы ғажап емес.

Екіншіден, Қайып басқарып отырған Кіші жүз территориясы саяси тұрғыдан дәстүрлі институттардың өзгеріске ұшырамаған қалыпта қалуы, ру мен тайпа басшыларының билігінің төрелермен байланыста жүзеге асқандығы белгілі. Яғни, Ресей әкімшілігінің жүзеге асырған реформаларының ықпалы аз болатын.

Үшіншіден, Нұралының тұсында әлсіреген Кіші жүздің мемлекеттігі Қайыптың тұсында нығайып кету мүмкіндігін тудырды. Себебі, Қайып онсыз да Кіші жүздің бірқатар рулары тарапынан хан сайланған тұғын. Ресей әкімшілігі тарапынан мойындалмаса да бұл ханның ықпал ету аймағы кең болатын. Қайыптың хан ретінде бекітілуі, ыдыраған Кіші жүздің екі бөлігінің қосылып, қуатты мемлекеттік құрылымға айналуына ықпал етуі мүмкін еді. Бұл ұсыныс губернатор тарапынан айтарлықтай қолдауға ие бола қоймады. Ресей империясының империалистік саясатына қарсы ұсыныстар қабылдана қоймайтындығы онсыз да түсінікті еді.

Старшындардың төртінші тілегі Ресей әкімшілігі тарапынан қойылған шектерге қатысты болатын. Қыс мезгіліне байланысты шаруашылық жүргізуге тиімді Еділдің жағасына көшу қажеттілігі айқын сезілгендіктен, осы мәселені шешуге атсалысу. «Старшины постановили просить ген.-губернатора о разрешении прикочевать на зимнее время к р. Уралу и занять под стоянки степные, т. е. по левому берегу реки, уголья» [20, 192].

Бұл талаптар губернаторға жеткізілді. Жүздегі үш бидің сайлану идеясын қолдаған губернатор, бұл старшындардың мемлекеттік институт ретінде қалыптасуына өзінің дұрыс көзқарасын білдірді. Нәтижесінде «...сверх того, в каждом из трех поколений, составляющих Меньшую орду, избранно было по одному главному и по несколько второстепенных старейшин для наблюдения за поведением народа.

В числе трех главных находился батыр Сырым, принадлежавший к байулинскому поколению» [17, 269].

Оларға Нұралыны айналып өтіп, тіке губернаторға шағым айту құқығы да берілді. Осылайша Нұралы біраз уақыт хан болып отырғандығымен де биліктің Сырымға өткендігі көрінеді.

«Между тем батыр Сырым получил свободу и начал опять действовать на народ, соответственно желаниям оренбургского пограничного начальства, пока оные не противоречили собственным его видам. Под личною преданности России и благодарности местному начальнику, избравшему его своим орудием, Сырым весьма много способствовал барону Игельstromу в преобразованиях, которые в течение 1787 г. сделаны в Меньшей Орде.

Главнейшие из них есть учреждение посреди орды судебных мест под названием расправ. В алимулинском и байулинском поколениях, по многочисленности оных, открыто две расправы, в Семиродском поколении – одна. Каждая расправа состояла из председателя и двух членов, которые обязаны были ежедневно съезжаться вместе и в общем присутствии своем, рассматривая все поступающие к ним просьбы, делать определения по оным, удовлетворять обиженных или притесненных, а недовольным предоставлять право переносить дела на апелляцию в Оренбургский пограничный суд» [17, 268-269].

Жайылым жерлер мәселесі де біраз уақытқа өзінің шешімін тапқандай болды.

Алайда Қайыптың хан көтерілу мәселесін Игельstrom империя басшылығына жеткізетіндігін айтты, уақыт өте келе империя Қайыптың хан ретінде күшеюін қолдамайтындығын білдіріп, Нұралы ханның інісі Ералы хан көтерілді. Мұнан соң, аталмыш шешім император рескриптісімен бекітілді.

Нұралыдан кейін, біраз хансыз басқарудың орын алғандығы да белгілі. Бұл империя әкімшілігі тарапынан хандық билікті жою ынтасынан туындағандығы белгілі. Алайда, Сырым Датұлының көтерілісі бұдан кейін де өз жалғасын тапты.

Хандық институттың жойылуы көтерілісшілердің жоспарына кірмегендігі айқындала бастады. Осы құжаттың өзі де батырдың мемлекеттік билік институттарына деген көзқарасын ашады. Сырымның мемлекет философиясында тәуелсіз хандық билік мемлекеттің негізгі элементі деп қарастырғандығы белгілі. Сондай-ақ Сырым Датұлының негізгі мақсаты қуатты Қазақ хандығын қайта қалпына келтіру, оны орталықтанған күшті билік институттарымен

нығайту, дәстүрлі дала билігіне арқа сүйей отырып мемлекеттің қайта түлеуіне, гүлденуіне жағдай жасау болғандығы байқалады.

Алайда, Сырым хандық билікті тежеуші элемент ретінде билік фактордың күшеюін қолдайды. Дегенмен, бұл органның өкілеттігінің анықталмағандығы, хандық биліктің қаншалықты шектелетіндігін айқындауға мүмкіндік бермейді. Игельстром тарапынан берілген құқыққа сәйкес бұлар ханды айналып өтіп, тікелей губернатормен қатынасқа түсуге берілген мүмкіндік бұл институттың күшті ықпал ету инструментіне айналғандығын көрсетеді. «...учитывая непримиримость отношения народа и Нуралы, дал разрешение выбранным на съезде «главным старшинам» непосредственно сноситься с ним (с Игельстромом - Ш. Е.) по делам жуза» [20, 192].

Оның ішінде билерді сайлау процесі элита тарапынан жүзеге асырылады. Яғни, ұйым дала қатынастарындағы феодалдық сегментті күшейтеді. Күшті феодалдар біртіндеп, ханға өзінің ықпалын жүзеге асыруға тырысқандығын көрсетеді. Оның үстіне бұл институттар хандық билікке қарсы емес, хандық институтын толықтырып, соған арқа сүйейді. Демек, бұл көтерілістің табиғатының антифеодалдық емес, қайта элиталық болғандығының көрсеткіші. Даланың әдет-ғұрып нормаларының негізінде пайда болған билік институттары Сырым секілді дәстүршіл элемент тарапынан қарсылық емес, қайта қолдау табатыны анық.

Сырым Датұлының саяси құқықтық ойларының исламдық бағыты айқын көрінеді. Бұл туралы А. И. Левшин былай дейді: «Употребляя против России все возможные средства, он не забыл призвать в помощь и Коран Магометов, объясняя, что в нем запрещено мусульманам покоряться властям христианским. С тою же целью уговаривал он киргиз-казаков прекратить (1791) мену с русскими и, если можно, откочевать в глубину степей» [17, 275].

Алайда, саяси тәуелсіздік жолында батырдың діни принциптерді негізгі принциптер ретінде басшылыққа алмағандығы байқалады. Мысалы, батырдың христиан дінінің өкілі болып табылатын Емельян Пугачевтың көтерілісін қолдауынан саяси мүдделес тұлғалардың арасындағы діни айырмашылықтары ешқандай рөл ойнамағандығын байқаймыз. Осылайша батырды белгілі дәрежеде дін бостандығы идеяларын қорғаушы деп қарау керектігін айқын байқаймыз. Қазақ халқының далалық құқық принциптерінде дін бостандығы да өзінің рөлін атқарғандығын байқауға болады. Шыңғыс хан уақытынан далада әр түрлі конфессиялар мен діни бірлестіктер айтарлықтай кедергіге



ұшырамағандығы белгілі. Оның үстіне батыр өзінің саяси ықпалын азайтып алмау үшін басқа дін өкілдерін де мойындауға мәжбүр болады.

Батырдың философиясы тәуелсіз мемлекетті қалпына келтіріп, шаруашылық пен құқықтық философияның дамуына жағдай жасау.

Қазақ хандарының дәстүрін жалғастыру. Батырдың Ресей әкімшілігімен болған келіссөздер барысында ұстанған принциптері Тәуке ханның «Жеті жарғысына» сәйкес келетіндігін байқау қиындық тудырмайды. Дала құқығының қайнар көзі ретінде кодификацияланған «Жеті жарғы» идеяларының батыр тарапынан қолдау табуы батыр жанында ықпалды күш ретінде дәстүршіл элементтердің болғандығын аңғартады.

Сырым батыр көтерілісте тек Кіші жүз старшындарының күшіне сеніп қойған жоқ. Ол Ресей өктемдігіне қарсы түркітілдес халықтардың бірлігі идеясына арқа сүйеді. «Он готовился к войне, но в то же время он хорошо понимал резкое несоответствие сил слабого казахского государства, к тому же раздираемого внутренними столкновениями, и мощной Российской империи. Он, по народным преданиям, считал, что только объединение сил всех среднеазиатских народностей может предотвратить неизбежное поражение в случае военного столкновения с империей» [20, 235-236]. Батырдың саяси-құқықтық ойлары түрікшілдік идеясымен тығыз байланысты.

«В одном из народных преданий Сырму приписываются следующие слова: «Мы – каракалпаки, сарты, узбеки, казахи, туркмены и эстеки, все эти шесть народностей должны объединиться и выступить войною против русского царя, иначе он по-одиночке разобьет каждого из нас» [20, 236]. Бұл түркітілдес халықтардың ортақ жауға қарсы бірігу идеясы кейінгі қазақ қоғамында да орын алғандығы белгілі.

Ресей басқыншыларымен қақтығыста халықтың жайылымсыз қалмауын ойлаған батыр Хиуа хандығына мына шарттардың негізінде келісім ұсынады: «первое – Хива должна была оказать поддержку казахам оружием, людьми, конями и продовольствием; второе – в случае поражения предоставить казахам кочевья в пределах Хивинского ханства; при этом Сырым ссылался на исторические права казахов на эти земли; третье – возратить от каракалпаков скот и имущество, принадлежавшее ранее казахам» [20, 236]. Яғни, бауырлас мемлекет көмегіне сүйеніп, Ресейді жеңуге болады. Оның үстіне батырдың азаматтық жауапкершілігі оны қол астындағы халықтың жағдайын ойлауға мәжбүрлейді. Орта Азияға Османлы

түріктерінің ықпал етуге тырысуы жайында А. И. Левшин былай деп жазады: «К сим внутренним обстоятельствам присоединилось одно внешнее. Турки, бывшие тогда в войне с Россиею, старались восстановить против нее бухарцев; а бухарцы возмущали Меньшую казачью орду, с каковою целию предлагали сначала пособие султану Эрали для возвращения хана Нуралы силою, а потом вошли в сношения с Сырымом и прислали к нему, равно как и к другим единомышленникам его, письменное воззвание» [17, 270].

Жалпы батыр бастаған көтеріліс Қазақстан тарихында өз орнын алғанымен, қозғалыс басшысының саяси-құқықтық ойлары толық ашылмаған, зерттелмеген. Осы жұмыс барысында біз Сырым батырдың негізгі ойларын айқындап беруге тырыстық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Басин В.Я. *Россия и Казахские ханства в ХУІ-ХУІІІ вв.* – Алма-Ата, 1971. – 276 с.
2. Назарбаев Н. *Тарих толқынында.* – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.
3. Михалева Г.А. *Торговые и посольские связи России со среднеазиатскими ханствами через Оренбург.* – Ташкент: Фан, 1982. – 92 с.
4. Кэстль Дж. *Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхаиру, хану Киргиз-Кайсацкой Орды.* – Алматы: Жибек жолы, 1998. – 152 с.
5. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. *Аблай-хан: внешняя и внутренняя политика. Изд. второе, исправленное.* – Алматы: Жазушы, 2001. – 168 с.
6. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В. и др. *История Казахстана. Народы и культуры.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 600 с.
7. Ювалы А., Имашова Н. *Жалпы түркі тарихы.* – Түркістан: ХҚТУ, 2004. – 348 бет.
8. Сапарғалиев Ф., Ибраева А. *Мемлекет және құқық теориясы.* – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 192 бет.
9. Абайдельдинов Е.М. *Политико-правовая история.* – Алматы: Данекер, 1999. – часть I. – 295 с.
10. Сарсембаев М.А. *Международное право.* – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 448 с.
11. Сарсембаев М.А. *Международно-правовые отношения государств Центральной Азии.* – Алматы: Ғылым, 1995. – 368 с.
12. Данияров Қ. *История Казахского государства.* – Алматы: Эдельвейс, 2001. – 528 с.
13. Касымбаев Ж. *Государственные деятели казахских ханств ХУІІІ-первой половины ХІХ вв. Хан Айшуак. (1719-1810).* – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 256 с.
14. Валиханов Ч.Ч. *Аблай // Собрание сочинений в пяти томах.* – Алматы: Қ.С.Э., 1985. – Т.4. – 111-116 с.

**Ергөбек Ш. Қазақ хандығының Ресей құрамына ену дәуіріндегі...**

---

15. Касымбаев Ж. *Государственные деятели казахских ханств ХУІІІ-первой четверти ХІХ вв. Хан Жантөре. (1759-1809)*. – Алматы: Білім, 2001. – 364 с.
16. Зиманов С.З. *Политический строй Казахстана конца ХУІІІ и первой половины ХІХ веков*. Алматы: Издательство Академии Наук Казахской ССР, 1960. – 292 с.
17. Левшин А.И. *Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей*. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
18. Валиханов Ч.Ч. *Статьи из «Географического статистического словаря Российской империи»*. // Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы: Қ.С.Э., 1985. – Т.4. – 197-208 с.
19. Құл-Мұхаммед М. *Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы*. – Алматы: Атамұра, 1998. – 360 бет.
20. Вяткин М. *Батыр Срым*. – Алматы: Санат, 2002. – 344 с.

*(Жалғасы. Басы өткен санда)*